

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

Темирбекова Ж.Л.

География әлемі

Авторлық бағдарлама

Алматы, 2023

ӘОЖ 373.21:42

КБЖ 78.314.7

Рецензия жазған:

Ыбышева А.С. – «Өрлеу» БАҰО АҚФ РҚДИ «Жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық пәндерді оқытудың мазмұны мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушыс, п.ғ.м.

География әлемі: авторлық бағдарлама // Құраст.:

Темирбекова Ж.Л. -Алматы: «Таймс» баспасы. 2023 жыл, -25 бет.

ISBN 978-601-344-017-07

«География әлемі атты авторлық бағдарлама 7 сынып оқушыларының география пәнінен алған білімдерін жетілдіре түседі. География пәні бойынша толыққанды мағлұмат алады. Бағдарлама «авторлық бағдарламаны құрастыруға арналған нұсқаулықтағы» талаптарға сай әзірленген.

Бағдарлама «Өрлеу» БАҰО АҚФ РҚДИ «Жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық пәндерді оқытудың мазмұны мен әдістемесі» кафедра отырысының шешімімен басуға ұсынылды. №10 хаттама, қазан, 2023 ж.

ТҮСІНІК ХАТ

Бағдарлама тақырыбының маңыздылығы: Курс барысында оқушылар әлемдік өзгерістер мен құбылыстардың кеңістікте көрініс табуын танып біледі. Жердің ғаламшар ретінде дамуы және жер бетінде тіршіліктің пайда болу ғажайыптары жайлы, жердің пайда болуының жалпы теориясын, географиялық қабық заңдылықтары туралы, әлемнің географиялық бейнесін сипаттайтын білім мазмұны кеңейтіліп, тереңдетіледі. Ғаламдық географиясының біртұтастығы ұстанымының жүзеге асырылуы және географияның жеке салаларының интеграциялануы, әлемдегі әлеуметтік экономика, әлем елдерінің өзекті мәселелері және саяси құбылыстарды түсінуде кеңістіктік ұстанымдарын меңгеруге мән беріледі. Оқу курсының тағы бір маңызды мақсаты білімгерлерді дүниежүзілік және экономикалық географияның бүгінгі таңдағы ең көкейтесті проблемасын табиғат пен қоғамның өзара қарым-қатынас проблемасын зерттеу бағыттарымен таныстыру. Оқушылардың географиялық білімдерін тереңдетуге және кәсіптік бағдар алу қажеттілігіне сәйкес, географиялық білімдерін жетілдіруде, баланың жеке тұлға ретінде дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуына курстың берері мол. Глобальды проблемалардың ақпараттық, салыстырмалы, статистикалық сараптама жүргізу арқылы, аймақтық, континенттік территориясындағы қалыптасу жағдайларына ғылыми деректерге сүйене отырып талдау жасалынды. Оқушылардың осы курс бойынша географияға қатысты ақпараттарды өз бетімен іздену үшін оларды арнаулы және жалпы ғылыми жүйелікке бағыттау болып табылады.

Мақсаты: Географиялық бағыттағы білім алушыларға жалпы ғаламдық географиялық қабықтың құрылысын, оның уақыт пен кеңістіктегі даму заңдылықтарын, олардың өзара байланысын кеңінен таныстырып, қазіргі жағдайы және болашақта болатын өзгерістері туралы мағлұматтар беру.

➤ Географияның пәндік мүмкіндіктерін пайдаланып, оқушыларды ақпараттандырылған қоғамда өмір сүруге бағдарлау.

➤ Тұлғаның өзіндік әлеуетінің дамуына ықпал етуші танымдық қабілеттерін арттыру.

➤ Қазіргі өзгермелі дүниеде тұлғаның өз бетінше шешім қабылдауына дағдыландыру.

➤ Адамзатты түгел қамтитын проблемалармен – дүниежүзілік материктер мен мұхиттар және басқа проблемалардың бар екенін, оларды шешу жолдарымен таныстыру.

➤ Дүниежүзіндегі ғаламдық проблемалардың түрлеріне сипаттама бере білу, оның табиғат компоненттерінің қалыптасуына әсерін түсіндіре білу.

➤ Географиялық білім беру, жана формациядағы яғни бәсекелестікке қабілетті, мәдениеті ұрпақ қалыптастыру. Оқушыларды еңбекке баулу, мамандыққа бағдарлау және экономикалық тәрбие беру.

Міндеті: Жалпы заңдылықтарға бағынған географиялық қабық құрамдас бөліктері (атмосфера, гидросфера, литосфера) және биосферадағы тірі заттардың өзара байланысы мен бір-біріне бағынышты әрекеттерін оқып білу.

Күтілетін нәтиже:

- өмірге бейімделген, алған білімін практикада қолдана алатын;
- өзі шешім қабылдайтын, жаңашыл, шығармашыл, ақпарат құралдарымен сауатты жұмыс істей алатын;
- түрлі тақырыптық карталармен жұмыс істей білетін;
- курс бойынша алған білімін ғылыми зерттеушілік жұмысқа бағыттау.

Өзектілігі: Ғаламдық география курсы оқушылардың өзекті мәселелерді зерттеуде практикалық іс-әрекет дағдыларын дамыту. Оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын дамыту, пәндік білімін тереңдету, оқушылардың ақыл-ойын кеңейту.

Кәсіпке бағдарлау: География, астрономия, физика, биология, химия, экология, тарих. т.б мамандықтарды таңдау бағытында қолданылады.

Оқыту формасы: Лекция, семинар, топтық және жұптық әдістерін пайдалану.

Курсты оқытуды аяқтау формасы: Реферат, даярлау, баяндама жазу, жоба қорғау.

Ғылыми болжам: Бұл бағдарлама, оқушылардың 6-10 сыныптарда жинақтаған материалдарын тереңдете оқыту арқылы алған білімдерін кеңейтіп, ойлауын, сараптама жасай білуін, өз ойын толық жеткізе білумен қатар, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады. Ғаламдық географиясының ғылыми мәселелеріне талдау жасау, салыстыру, себеп-салдарын анықтау, жоба құру және болжам жасау сияқты шығармашылық іздену мен ғылыми зерттеу жұмыстарының әдістемесін меңгерген жеке тұлғаны тәрбиелеуге болар еді.

Жалпы сағат саны 34, аптасына 1 сағат.

«География әлемі»
авторлық бағдарламасының
күнтізбелік-тақырыптық жоспары:
(аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат)

№	Тақырыптар	Сағат саны
I-бөлім. ЖЕР ШАРЫНЫҢ ЗЕРТЕЛУІ		
1	Антик кезеңіндегі географиялық мәліметтер	1
2	Ортағасырлық географиялық зерттеулер	1
3	Ұлы географиялық ашылулар мен зерттеулер	1
4	Қазақстан жерінің географиялық зерттеулері	1
5	Географиялық ақпараттар алудың негізгі құралдары	1
6	Практикалық жұмыс	1
II-бөлім. ҒАРЫШ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ КҮН ЖҮЙЕСІ		
7	Ғарыш әлемінің құрамы мен құрылымы	1
8	Галактика, олардың түрлері. Құс жолы	1
9	Күн жүйесі, оның құрамы мен құрылымы	1
10	Жер тобын құрайтын ғаламшарлар	1
11	Алып ғаламшарлар	1
12	Астероидтар мен кометалар	1
13	Ғарыш кеңістігін зерттеу әдістері	1
14	Практикалық жұмыс	1
III-бөлім. ЖЕР ҒАЛАМШАРЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР		
15	Жер ғаламшары туралы жалпы мәліметтер	1
16	Жер ғаламшары және оның қозғалыстары	1
17	Жер – Ай жүйесі арасындағы байланыстар	1
18	Жер қозғалыстарына теллурий көмегімен байқау жасау	1
19	Жер бедерінің қалыптасуына әсер етуші факторлар	1
20	Дүниежүзілік мұхит және оның бөліктері	1

21	Дүниежүзілік мұхит суының физикалық-химиялық қасиеттері	1
22	Дүниежүзілік мұхит суының қозғалыстары, беткі ағыстар	1
23	Дүниежүзілік мұхит байлықтары	1
24	Құрлық сулары. Тұщы су проблемалары	1
25	Атмосфераның құрамы мен құрылысы	
26	Биосфера – планетадағы тіршіліктің ұйтқысы	1
27	Практикалық жұмыс	1
IV-бөлім. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚАБЫҚ		
28	Географиялық қабықтың құрылысы мен шекаралары	1
29	Географиялық қабықтың біртұтастық заңдылығы	1
30	Географиялық қабықтағы зат және энергия айналымы, ырғақтылық	1
31	Географиялық қабықтағы аумақтық табиғат кешендері	1
32	Жер шарының табиғат зоналары	1
33	Табиғи және антропогендік ландшафт түрлері	1
34	Адамзаттың табиғатқа тигізетін ықпалы. Практикалық жұмыс	1
Барлығы:		34

«География әлемі»

қолданбалы курсының тақырыптық мазмұны

I-бөлім. ЖЕР ШАРЫНЫҢ ЗЕРТЕЛУІ

1-тақырып: Антик кезеңіндегі географиялық мәліметтер

Негізгі сұрақтар:

1. География туралы жалпы түсінік;
2. Антик кезеңіндегі көрнекті өкілдер;
3. Антик кезеңіндегі географиялық зерттеушілер

Бағалау: смайликтер арқылы

2-тақырып: Ортағасырлық географиялық зерттеулер

Негізгі сұрақтар:

1. Ортағасырлық географиялық зерттеулер кезеңі;
2. Географиялық зерттеу деңгейлері;
3. Географиялық құбылыстары.



Бағалау: смайликтер арқылы

3-тақырып: Ұлы географиялық ашылулар мен зерттеулер

Негізгі сұрақтар:

1. Ұлы географиялық ашылулар заманы;
2. Ұлы географиялық ашылулар деңгейіндегі зерттеулер;

3. Христофор Колумбтың экспедициясы;
4. Ұлы географиялық ашылулар нәтижесі.



Бағалау: смайликтер арқылы

4-тақырып: Қазақстан жерінің географиялық зерттеулері

Негізгі сұрақтар:

1. Қазақстанның кең-байтақ жері;
2. Орынбор экспедициясы;
3. Қазақстан географиясы туралы алғашқы ғылыми еңбектер;
4. Қазақстан аумағының қазіргі физикалық-географиялық бөлінуі;
5. Қ. И. Сәтбаев басшылығымен геологиялық зерттеулер;
6. Арал теңізі.



Бағалау: смайликтер арқылы

5-тақырып: Географиялық ақпараттар алудың негізгі құралдары

Негізгі сұрақтар:

1. Географиялық карталар;
2. Ғылыми-анықтамалық карталар;
3. Оқу карталары;
4. Теңіз-навигациялық карталар;
5. Өзен, көл, канал-навигациялық карталары;
6. Әуе-навигациялық карталар;
7. Кадастрлық карталар;
8. Жолдар (авто, темір жол) картасы;
9. Жобалау карталары;
10. Үгіт-насихат карталары;
11. Туристік карталар;
12. Арнаулы карталар

Бағалау: смайликтер арқылы

6-тақырып: Практикалық жұмыс

Негізгі сұрақтар:

1. Карталар сипаттарына қарай қалай жіктеледі?
2. Атластар пайдалану жолына, форматына қарай неше топқа бөлінеді?
3. Жер бетін планға түсіру үшін қандай әдіс-тәсілдер қолданылады?
4. Картадағы жазулардың басты қызметі неде?
5. Жергілікті жерде бағдарлау үшін қандай әдістер қолданылады?

Бағалау: ғажайып саты

II-бөлім. Ғарыш әлемі және күн жүйесі

7-тақырып: Ғарыш әлемінің құрамы мен құрылымы

Негізгі сұрақтар:

1. Ғарыш әлемі;
2. Ғарыштың құрылымы;
3. Ғарыштағы заттар тығыздығы;
4. Ғарыштың заттық құрамы.

Бағалау: смайликтер арқылы


8-тақырып: Галактика, олардың түрлері. Құс жолы.

Негізгі сұрақтар:

1. Галактикаға сипаттама беру;
2. Құс жолының бүгінгі таңдағы ғылымға белгілі параметрлері;
3. Құс жолы құрамы.



Галактика




Құс жолы

Бағалау: смайликтер арқылы

9-тақырып: Күн жүйесі, оның құрамы мен құрылымы

Негізгі сұрақтар:

1. Күн жүйесі құрамына кіретін аспан денелері;
2. Күн жүйесінің құрамы;
3. Күн жүйесін құрайтын аспан денелері;
4. Күн жүйесінің қалыптасуы туралы болжамдар;
5. Күн туралы жалпы мәліметтер.



Бағалау: смайликтер арқылы

10-тақырып: Жер тобын құрайтын ғаламшарлар

Негізгі сұрақтар:

1. Жер тобындағы ғаламшарлар;
2. Күн жүйесі құрамындағы ғаламшарлар;
3. Жер тобындағы ғаламшарларға тән ортақ белгілер.

Бағалау: смайликтер арқылы

11-тақырып: Алып ғаламшарлар

Негізгі сұрақтар:

1. Сыртқы ғаламшарлар;
2. Күн жүйесіндегі алып ғаламшарлар;

3. Алып ғаламшарларға тән ортақ белгілер.



Бағалау: смайликтер арқылы

12-тақырып: Астероидтар мен кометалар

Негізгі сұрақтар:

1. Астероидтардың негізгі белдеуі;
2. Метеорлық ағындардың жиі пайда болу аймақтары;
3. Метеориттердің Жер бетіне құлауы;
4. Жер шарындағы ең ірі метеориттік кратерлер;
5. Аспан әлеміндегі шоқжұлдыздар.



Бағалау: смайликтер арқылы

13-тақырып: Ғарыш кеңістігін зерттеу әдістері

Негізгі сұрақтар:

1. Жер ғаламшары;
2. Ғарыш кеңістігін зерттеу құралдары;
3. Ғарыш қалдықтарының үлесі;
4. Ғарыштан түсірілген суреттер.

Бағалау: смайликтер арқылы

14-тақырып: Практикалық жұмыс

Негізгі сұрақтар:

1. Ғарыш кеңістігі дегеніміз не?
2. Ғарыш кеңістігінде қандай аспан денелері бар?
3. Астрономиялық бірлік дегеніміз не?
4. Галактика дегеніміз не?
5. Жер тобындағы ғаламшарларға қандай ортақ белгілер тән?
6. Алып ғаламшарлардың қандай ортақ белгілері бар?
7. Әлем елдері бойынша қандай атақты ғарышкерлер бар?
8. Қазақ ғарышкерлерінің қандай ерліктері баршамызға белгілі?

Бағалау: ғажайып саты

III-бөлім. ЖЕР ҒАЛАМШАРЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

15-тақырып: Жер ғаламшары туралы жалпы мәліметтер

Негізгі сұрақтар:

1. Жердің ғарыштан түсірілген фотосуреттері;
2. Жердің пішінінің шар тәрізді екендігінің қарапайым дәлелдері;
3. Жер қойнауындағы массаның таралуы;
4. Жер ғаламшарының шығу тегі;
5. Ғалымдар пікірі.

Бағалау: смайликтер арқылы

16-тақырып: Жер ғаламшары және оның қозғалыстары

Негізгі сұрақтар:

1. Жер қозғалыстары;
2. Күн тоқырауы;
3. Жердің орбита бойымен жылдық қозғалысы;
4. Жер білігі;
5. Жер тәуліктік айналымы.

Бағалау: смайликтер арқылы

17-тақырып: Жер – Ай жүйесі арасындағы байланыстар

Негізгі сұрақтар:

1. Ай орбитасының түйіні;
2. Ай фазаларының көрінісі;
3. Жер – Ай жүйесінің қозғалысы;
4. Тұтылу – астрономиялық құбылыс.
5. Күн және Ай тұтылуы.



Бағалау: смайликтер арқылы

18-тақырып: Жер қозғалыстарына теллурий көмегімен байқау жасау

Негізгі сұрақтар:


1. Жер қозғалыстарына бақылау жасау;
2. Теллурий Күн жүйесінің қозғалмалы үлгісі;
3. Теллурий көмегімен Жердің Күн жүйесіндегі орыны.

Бағалау: смайликтер арқылы

19-тақырып: Жер бедерінің қалыптасуына әсер етуші факторлар

Негізгі сұрақтар:

1. Жер бедерінің пішіндері;
2. Жер қыртысындағы қозғалыстар түрлері;
3. Қатпарлы аймақтар;
4. Жер бедерінің негізгі түрлерінің таралуы;
5. Жер бедерінің негізгі топтары.



Бағалау: смайликтер арқылы

20-тақырып: Дүниежүзілік мұхит және оның бөліктері

Негізгі сұрақтар:

1. Дүниежүзілік мұхит сулары;
2. Теңіздер;
3. Мұхиттардың негігі көрсеткіштері;
4. Шығанақ;
5. Бұғаз.



Бағалау: смайликтер арқылы

21-тақырып: Дүниежүзілік мұхит суының физикалық-химиялық қасиеттері

Негізгі сұрақтар:

1. Мұхит суының басты қасиеттері;
2. Мұхит суы температурасы;
3. Мұхит және өзен суының тұздылық көрсеткіштері.

Бағалау: смайликтер арқылы

22-тақырып: Дүниежүзілік мұхит суының қозғалыстары, беткі ағыстар

Негізгі сұрақтар:

1. Теңіз жағалауындағы толқынды қозғалыстар;
2. Мұхит ағыстары;
3. Дүниежүзілік мұхит беткі ағыстары жүйесі;
4. Дүниежүзілік мұхит сулары;
5. Солтүстік мұзды мұхит.

Бағалау: смайликтер арқылы

23-тақырып: Дүниежүзілік мұхит байлықтары

Негізгі сұрақтар:

1. Дүниежүзілік мұхит табиғат байлықтары;
2. Дүниежүзілік мұхиттың ең басты байлықтары;
3. Дүниежүзілік мұхит табиғатын зерттеу мен қорғау жұмыстары.



Бағалау: смайликтер арқылы

24-тақырып: Құрлық сулары. Тұщы су проблемалары

Негізгі сұрақтар:

1. Құрлық суының ең маңызды бөлігі;
2. Құрлық суының құрамдас бөліктері;
3. Су шығыны;
4. Көлдер;
5. Дүние жүзіндегі аса ірі көлдер;
6. Тұщы су проблемасының туындауына қандай себептер әсер етеді?

Құрлық сулары

Енді, сіздер құрлық суларына не жататынын айтуларың керек?

Батпақ дегеніміз не?	Жер асты сулары?	Мұздықтар?

Бағалау: смайликтер арқылы

25-тақырып: Атмосфераның құрамы мен құрылысы

Негізгі сұрақтар:


1. Алғашқы Жер атмосферасының құрамы;
2. Қазіргі Жер атмосферасының құрамы;
3. Атмосфераның құрамы және маңызы
4. Атмосфераның құрылысы;
5. Атмосфера құрамындағы ылғал, жауын-шашын және оның таралуы.

Бағалау: смайликтер арқылы

26-тақырып: Биосфера – планетадағы тіршіліктің ұйтқысы

Негізгі сұрақтар:

1. Биосфераның қалыптасуы және даму кезеңдері;
2. Биосфераның құрылысы мен құрамы;
3. Топырақ. Топырақ жамылғысының географиялық таралуы;
4. Биосфераны қорғау проблемалары. Қорғауға алынатын аумақтар.



Бағалау: смайликтер арқылы

27-тақырып: Практикалық жұмыс

Негізгі сұрақтар:

1. Географиялық қабықтың даму заңдылықтарына мысал келтіріңдер.
2. Литосфераның структуралық құрылымының басты элементтері.
3. Матеріктік жер қыртысының қандай басты белгілері бар?
4. Мұхиттық жер қыртысына тән басты белгілерді атаңдар?
5. Жер бедерін қалыптастырушы ішкі күштерді атаңдар?
6. Қазақстан жерінде жерасты суларының мол қоры қайда кездеседі?

Бағалау: бірін бірі бағалау

IV-бөлім. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚАБЫҚ

28-тақырып: Географиялық қабықтың құрылысы мен шекаралары

Негізгі сұрақтар:

1. Географиялық қабық туралы жалпы түсінік;
2. Географиялық қабық туралы ілімнің қалыптасуы;
3. Географиялық қабықтың күйі.



Бағалау: смайликтер арқылы

29-тақырып: Географиялық қабықтың біртұтастық заңдылығы

Негізгі сұрақтар:

1. Географиялық қабықты құрайтын компоненттер;
2. Географиялық қабық туралы ілімнің негізін салушы ғалымдар;
3. Географиялық қабықтың құрамдас бөліктеріне тән басты заңдылықтар;
4. Географиялық қабықтағы зат және энергия алмасу әрекеттері.

Бағалау: смайликтер арқылы

30-тақырып: Географиялық қабықтағы зат және энергия айналымы, ырғақтылық

Негізгі сұрақтар:

1. Зат және энергия айналымы;
2. Географиялық қабықтағы зат айналымы;
3. Географиялық қабықтағы ырғақтылық.

Бағалау: смайликтер арқылы

31-тақырып: Географиялық қабықтағы аумақтық табиғат кешендері

Негізгі сұрақтар:

1. Аумақтық табиғат кешендері;
2. Географиялық қабық деген не;
3. Географиялық қабықтың құрамдас бөліктері;
4. Географиялық қабықтағы зоналық заңдылық.

Бағалау: смайликтер арқылы

32-тақырып: Жер шарының табиғат зоналары

Негізгі сұрақтар:

1. Жер шарының табиғат зоналары;
2. Табиғат зоналары дегеніміз не, олар қандай компоненттерден тұрады?
3. Табиғат зоналары не себепті өсімдік жамылғысы атымен аталады?



Бағалау: смайликтер арқылы

33-тақырып: Табиғи және антропогендік ландшафт түрлері

Негізгі сұрақтар:

1. Ландшафт дегеніміз не, оның қандай түрлері бар?
2. Ландшафттың құрылымы мен құрамын.

Бағалау: смайликтер арқылы

34-тақырып: Адамзаттың табиғатқа тигізетін ықпалы

Негізгі сұрақтар:

1. Географиялық орта мен қоғам арасындағы байланыс;
2. Озон қабатының жұқаруы проблемасы;
3. Ормандар аумағының қысқаруы;
4. Шикізат қорының шектеулілігі;
5. Энергетикалық проблема;
6. Шикізат тапшылығын жою жолдары;
7. Дүниежүзілік мұхит проблемалары.

Практикалық жұмыс тапсырмалары:

1. Географиялық қабық дегеніміз не?
2. Географиялық қабық ұғымын ұсынған ғалым кім?
3. Табиғат зоналары дегеніміз не, олар қандай компоненттерден тұрады?
4. Тропиктік белдеулер шегінде қандай табиғат зоналары кездеседі?
5. Табиғат зоналары не себепті өсімдік жамылғысы атымен аталады?
6. Жер туралы жалпы мәліметтер.
7. Дүниежүзіндегі ең биік шыңдар.
8. Дүниежүзіндегі ең биік жанартаулар.
9. Ең үлкен шөлдер.
10. Ең үлкен теңіздер.
11. Ең терең шұңғымалар.
12. Ең үлкен шығанақтар.
13. Ең үлкен аралдар.
14. Ең үлкен түбектер.

15. Ең терең үңгірлер.

16. Ең ұзын өзендер.

17. Ең үлкен көлдер.

18. Ең биік сарқырамалар.

19. Ең үлкен мұздықтар.

Бағалау: смайликтер арқылы

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсенова Ә. С. Қазақстан табиғатының зерттелуі. (Ежелгі дәуірден ХХ ғасырдың басына дейін). -Алматы.: Глобус. 2018. 296 б.
2. Ю.Н.Гладкий., С.Б.Лавров. «Ғаламдық география». // «Кітап баспасы». – Алматы, 2016 жыл.
3. Қазақстанның физикалық географиясы. Ә.Бейсенова., К.Карпехов.// - Алматы, «Атамұра», 2014 жыл.
4. Қазіргі дүние географиясы.Т.Увалиев., Е.Ахметов., Қ.Ахметов. –Алматы, «Мектеп», 2017 жыл.
5. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. //Е.Ахметов., Н.Карменова. –Алматы, «Мектеп». 2015 жыл.
6. Жаратылыстану. // Есназарова Ұ.Ә. Бекалай Н.К. –Алматы, 2013 жыл.
7. Бейсенова Ә.С., Каймулдинова К.Д. // Жер туралығылымдардың қазақша-орысша-ағылшынша терминологиялық сөздігін жасаудың мәселелері. -Алматы, 2010. – 92 б.